БЕКІТЕМІН
«SDU University» мекемесінің ректоры
_____ Игенбаев А.Б.
«__5__» ____ақпан____ 2024 ж.

«SDU UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІНІҢ ПРОФЕССОР – ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНЕ БЕРІЛЕТІН ҚАЛАМАҚЫ БЕЛГІЛЕМЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

Қаскелең, 2024

1 ДАЙЫНДАЛДЫ: Ғылым департаменті, SDU University.

2 КЕЛІСІЛГЕН:

Оқу істер жөніндегі проректор _____ А. Богданчиков
«5» 02 2024 ж.

Ғылыми істер жөніндегі проректор _____ М. Қалыбек
«5» 02 2024 ж.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор _____ М. Ибрагимов
«5» 02 2024 ж.

Әкімшілік істер жөніндегі проректор _____ А. Кочак
«5» 02 2024 ж.

Қаржы жөніндегі проректор _____ А. Жайлаубаев
«5» 02 2024 ж.

Ғылым департаментінің директоры _____ Ә. Каукенова
«5» 02 2024 ж.

Инженер және Жаратылыстану ғылымдары факультет деканы _____ Р. Ахмедов
«5» 02 2024 ж.

Педагогика және Гуманитарлық ғылымдар факультет деканы _____ Ж. Дүйсебекова
«5» 02 2024 ж.

Құқық және Әлеуметтік ғылымдары факультет деканы _____ М. Саудбаев
«5» 02 2024 ж.

SDU Бизнес мектебінің деканы _____ Б. Сабденалиев
«5» 02 2024 ж.

Мультидисциплинарлық білім беру орталығының директоры _____ А. Қуанышбаева
«5» 02 2024 ж.

Сапа мониторинг департаментінің директоры _____ Г. Тогузбаева
«5» 02 2024 ж.

Заң департаментінің директоры _____ Б. Шакенов
«5» 02 2024 ж.

3 БЕКІТІЛДІ:
Ғылыми Кеңесінің № 8, «5» 02 2024 ж. хаттамасымен

МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты **4**

2. Қолдану саласы **4**

3. Нормативтік құжаттарға сілтемелер **4**

4. Анықтамалар және қысқарған сөздер **4**

5. Жауапкершілік және өкілеттілік **4**

7. Қаламақы берілетін еңбектер және қаламақы мөлшері **6**

7.1 Ғылыми мақалалар үшін 6

7.2 Баяндамалар және стендтер үшін 7

7.3 Басылымдар үшін 7

7.4 Патент үшін 8

7.5 Конференцияға қатысуды қолдау үшін 8

Қосымша 1 **10**

1. Мақсаты

Бұл Ереже «SDU University» мекемесінің профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерін ынталандыру мақсатында және ғылыми еңбектеріне берілетін қаламақыны белгілеу мақсатында дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл ереже «SDU University» мекемесінде (бұдан әрі - SDU немесе Университет) қызмет ететін штаттағы немесе сағаттық жұмыстағы профессор-оқытушылар құрамының түрлі ғылыми жарияланымдары мен жұмыстарын ынталандыруға қатысты мәселелерді қамтиды.

3. Нормативтік құжаттарға сілтемелер

- «SDU University» мекемесінің жарғысы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

4. Анықтамалар және қысқарған сөздер

Аффилиация - бұл зерттеу жобасының өтетін жерінің көрсеткіші, оның нәтижелері ғылыми мақалада көрсетіледі. Бұл автордың негізгі жұмыс орны немесе зерттеу жүргізілген ұйым болуы мүмкін.

SDU немесе Университет - “SDU University” мекемесі

BPM - Business Process Management ақпараттық жүйесі

ISBN - Кітаптың халықаралық стандартты нөмірі (International Standard Book Number)

T+R - Оқытушылық + Зерттеуші қызмет (Teaching+Researcher Position) лауазымындағы оқытушы

ПОҚ - Профессор-оқытушылар құрамы

ҒТК - Ғылыми-техникалық Кеңес

5. Жауапкершілік және өкілеттілік

5.1 Университет қызметкері немесе ПОҚ мүшесі қаламақыға өтініш білдірген жағдайда, ақпараттың толыққанды және уақытылы берілуіне жауапты болып табылады.

5.2 Ғылыми еңбектердің статусын құжаттармен растау автордың жауапкершілігіне жүктеледі.

5.3 Түскен өтініштерді қарастыру аясында, Ғылым департаменті Университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінен және факультеттерден толық ақпаратты сұратуға өкілетті.

6. Жалпы ережелер

6.1 Барлық жарияланымдарда «SDU University, Қаскелең, Қазақстан» (SDU University, Kaskelen (040900, Kazakhstan)) деп анық көрсетілуі тиіс.

6.2 Қаламақы тек соңғы 24 ай ішінде жарық көрген жұмыстар үшін ғана қарастырылады.

6.3 Қаламақы авторлардың санына қарай бөлініп, тиісті бөлігі ғана ұсыныс жіберген авторға - SDU қызметкеріне төленеді. SDU қызметкері болып табылмайтын авторға қаламақы төленбейді. Алайда, SDU қызметкері BPM арқылы процесс жіберіп, қаламақы төлемі есептелгенге дейін жұмыстан шығып кеткен жағдайда, процессі негіздеме болып, қаламақы еррежеге сай төленеді. Қаламақы жарияланымдар үшін беріледі. Бірден көп авторы бар еңбектердің қаламақы мөлшерінің 20% бірінші авторға бөлінгеннен кейін, қалған бөлігі авторлардың санына қарай (ішінде бірінші автор да бар) бөлініп, әрбір автордың алатын мөлшері анықталады. Хат алмасушы (correspoding author) Университеттің қызметкері болып, бірінші автор сырттан болса, 20% бірінші авторға бөлінген сияқты хат алмасушы авторға бөлінеді, ал қалған бөлігі авторлардың санына қарай (ішінде бірінші және хат алмасушы автор да бар) тең бөлініп, әрбір автордың алатын мөлшері анықталады. Егер хат алмасушы мен бірінші автор Университетте қызмет етсе, бірінші автордың шешімімен 10% екеуінің арасында тең бөліне алады немесе 20% бірінші авторға тиесілі болады.

6.4 Қаламақыға тапсырылатын мақалада автордың тек қана бір аффилиациясы - SDU аффилиациясы болуы қажет. Екі немесе одан да көп аффилиация болған жағдайда, төленуі қажет қаламақының 50% мөлшері ғана төленеді.

6.5 Қаламақы төлемі BPM арқылы ұсыныс қабылданғаннан кейін 2 айдың ішінде есепшотқа аударылады.

6.6 Кітаптарға ISBN номері SDU атына алынуы тиіс.

6.7 Екінші рет басылған кітаптарға қаламақы төленбейді.

6.8 Ережеде көрсетілген ғылыми жұмыстарды атқарған қызметкер, сол жұмыстарды атқарғандығын растайтын құжаттармен BPM арқылы Ғылым департаменті директорына өтініш білдіреді. Кез келген уақытта BPM арқылы өтініш беруге болады. Өтініш қабылданған жағдайда нәтижесі BPM арқылы төлем үшін есеп бөліміне жіберіледі.

6.9 Индекстелетін базадан шығып кеткен журналдардың жарияланымдарына қаламақы төленбейді.

6.10 T+R келісім-шартында (немесе лауазымдық нұсқаулығында) көрсетілген жарияланым санынан артық жарияланымдары болған жағдайда, қаламақы осы ереже талаптарына сай төленеді.

6.11 Сырттан қаржыландыратын гранттарды орындап жатқан ПОҚ грант талаптарында көрсетілген жарияланым санынан артық жарияланымдары болған жағдайда, қаламақы осы ереже талаптарына сай төленеді.

Ескерту, 6.10 және 6.11 пункттеріне қатысты: T+R келісім-шарты мен сырттан қаржыландыратын гранттардың шарттарын орындау үшін жарыққа шыққан жарияланымдар үшін қаламақы төленбейді.

6.12 PhD білімгері болып, сонымен қатар штаттағы ПОҚ қызметін атқарып жатқан қызметкер, докторантура оқу мерзімінің ішінде диссертациялық жұмысын қорғау үшін қойылатын жарияланымдардың талаптарына сай орындалған бірінші мақаладан артық жариялаған жағдайда, қызметкер қаламақыға өтініш бере алады.

Ескерту: білім беру бағдарламасы талап ететін мақалалар келесі талаптарға сай болуы тиіс - Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда немесе Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші және/немесе үшінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған.

6.13 Ережеде қарастырылмаған қандай да бір жеке мәселе ҒТК қарастырылуы тиіс және аталған кеңестің шешімімен қаламақы төлеуге ұсынылатын болады.

7. Қаламақы берілетін еңбектер және қаламақы мөлшері

Университет профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерін ынталандыру мақсатында ғылыми еңбектеріне берілетін қаламақы түрлері және мөлшері келесі ретте анықталады.

7.1 Ғылыми мақалалар үшін

1) Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалаларға Scopus немесе WOS тарапынан жарияланған CiteScore Percentile немесе JIF Percentile журналдар рейтингіне қарай төмендегі формула негізінде қаламақы есептелінеді:

Мақалаға берілетін қаламақы = 7000*max (CiteScore Percentile, JIF percentile)

Ескерту: CiteScore Percentile немесе JIF Percentile мақала шыққан жылындағы ең жоғарғы көрсеткіш ретінде анықталады.

2) Жоғарыда көрсетілген топқа жатпайтын, алайда Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) базасында индекстелген мерзімде шыққан журналдарда жарық көрген мақалаларға 35 000 теңге.

3) Ағылшын, француз және неміс тілдерінде рецензияланатын журналдарда жарық көрген ғылыми мақалаларға 20 000 теңге.

4) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарында жарияланған мақалаларға 10 000 теңге.

5) SDU журналдарында жарияланған мақалаларға 10 000 теңге.

6) “Биллдың жауапсыз журналдар” (Beall’s list of Predatory journals) тізіміне енген жарияланымдар үшін қаламақы төленбейді.

7) Отандық және халықаралық рецензияланбайтын журналдарға жарияланған мақалаларға қандайда бір қаламақы төленбейді.

7.2 Баяндамалар және стендтер үшін

1) Халықаралық конференция, конгресс немесе симпозиумдарда баяндама жасалған және Томсон Рейтер (Web of Science, Thomson Reuters) немесе Scopus ақпараттық базаларында индекстелген мерзімде шыққан арнайы нөмірлерінде жарық көрген мақалаларға 35 000 теңге төленеді.

2) Жоғарыда көрсетілген топқа жатпайтын халықаралық конференция, конгресс немесе симпозиумдарда баяндама және стендттер үшін берілген өтінімдер қарастырылмайды.

7.3 Басылымдар үшін

Университет атынан басылған немесе Университет атауы көрсетілген лекциялар жинағы, оқу құралы, монография немесе оқулық деңгейіндегі басылымдарға келесідей қаламақы төленеді.

1) Отандық баспада шыққан монография үшін - 100 000 теңге;

2) Шетелдік баспада шыққан (Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer баспаларында немесе US News Best Global Universities Rankings немесе Academic Ranking of World Universities немесе Times Higher Education World University топ-100 рейтингіндегі университет баспасында шығарылған монография) монография үшін - 200 000 теңге. Ескерту: тізімде көрсетілген топқа жатпайтын шетелдік басқа баспаларда жарық көрген монография отандық баспада шыққан көрсеткішпен есептелінеді;

3) Университет жарияланымдары ережесіне сай дайындалған және рецензент мамандар тарапынан мақұлданған Оқу құралы үшін - 100 000 теңге;

4) Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан бекітілген немесе ұсынылған, жоғары оқу орындарында қолданылатын Оқулық үшін - 200 000 теңге;

5) Халықаралық баспаларда жарияланған кітаптарда жарық көрген тараулар үшін - 20 000 теңге;

6) Әкімшілік кеңес мәжілісі тарапынан аударылуына шешім қабылданған жағдайда Қазақ тіліне аударылған оқу құралы үшін - 100 000 теңге.

7.4 Патент үшін

Университеттің аффилиациясы бар патент үшін қызметкер автор ретінде 50 000 теңге көлемінде қаламақы ала алады. Бірнеше автор болған жағдайда, олардың әрқайсысы өтінім бере алады.

7.5 Конференцияға қатысуды қолдау үшін

1) Университеттің толық штатындағы ПОҚ немесе қызметкері (жарты жылдан артық жұмыс өтілі бар) жылына бір рет 150 000 теңгеден 450 000 теңгеге дейін стратегиялық маңызы бар ғылыми конференцияға қатысу үшін ВРМ арқылы келесідей шарттар негізінде өтініш бере алады:

- профессор-оқытушылар құрамы баяндамашы ретінде қатысады;
- мақаласы (тезис емес) конференция материалдары ретінде шығады;
- басқа жақтан толық қаржыландыру алмайды;
- ұйымдастыру комитетінің ішінде профессор-оқытушылар құрамының ғылыми бағытына сәйкес мүшелері бар;
- конференцияны белгілі бір Университет (немесе консорциум) немесе ғалымдар қауымдастығы ұйымдастырады;
- абстрактарды тапсыру мерзімі конференция басталардан кемінде бір ай бұрын жүргізіледі;
- конференция алаяқтық немесе жалған конференциялар деректер базасында көрсетілмеген (мысалы, CalTech Library);
- шығындарға жол жүру билеті, тәуліктік ақы, виза алу және тұратын жері шығындары жатады;
- шығындар мөлшері SDU академиялық іс-сапар ережесіне сай (жалпы 150000 немесе 450000 теңгеден сәйкесінше аспайтындай) тағайындалады;
- профессор-оқытушылар құрамы саяхаттан кемінде екі апта бұрын ВРМ арқылы өтінім беруі тиіс;
- SDU Ғылыми-Техникалық Кеңес отырысының шешімі негізінде жауап отырыстан кейін 2 апта ішінде беріледі;
- конференция міндетті түрде “Peer-reviewed” болу керек.

Ескерту: соммасы Қосымша 1 сәйкес анықталады.

2) Конференцияға қатысуды қолдау Ғылым департаментінің оқу жылына бекітілген қаламақы бюджеті аясында жүзеге асады.

3) Қаламақы бюджетінің ғылыми конференцияға қатысуға бөлінетін мөлшері ғылым департаменті ұсынысымен әр оқу жылында бюджет жоспарлау барысында белгіленеді. Ғылыми конференцияға бөлінген бюджет оқу жылының соңында артылған жағдайда, ғылыми

жарияланымдар қаламақысы бюджетіне қосылады. Бюджет аяқталған кезде, конференцияға қатысуды қаржыландыру тоқтатылады.

4) Өзі PhD студент боп жүрген штаттағы ПОҚ докторантура аясында қатысатын конференцияларға қосымша қолдау көрсету үшін өтінім бере алмайды.

5) Конференцияны қолдау басқа жобалардың қаражатында қарастырылған жағдайда, өтінім бере алмайды.

Қосымша 1

Мемлекет атауы	**Төлемі, теңге**
Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Таджикистан, Түркменистан	150 мыңға дейін
Алжир, Афганистан, Беларусь, Вьетнам, Гана, Ирак, Йемен, Камбоджа, Камерун, Ливан, Монголия, Непал, Нигерия, Парагвай, Сомали, Уругвай, Шри-Ланка, Чад, Чили, Эквадор, ОАР, Азербайджан, Армения, Бангладеш, Болгария, Босния и Герцеговина, Бахрейн, Венесуэла, Грузия, Египет, Тайланд, Мексика, Нигер, Пуэрто-Рико, Сальвадор, Сенегал, Украина, Ямайка, Ресей	300 мыңға дейін
БАЭ, Бразилия, Гонконг, Израиль, Индия, Исландия, Жаңа Зеландия, Катар, Кипр, Колумбия, КХДР, Марокко, Перу, Польша, Румыния, Сан-Марино, Словакия, Словения, Түркия, Филиппин, Хорватия Албания, Аргентина, Сауд Арабия, Латвия, Литва, Макао	350 мыңға дейін
Греция, Индонезия, Куба, Лихтенштейн, Люксембург, Монако, Венгрия, Қытай, Малайзия, Чехия, Эстония	400 мыңға дейін
Австрия, Австралия, АҚШ, Бельгия, Жапония, Германия, Ирландия, Испания, Италия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Швеция, Ұлыбритания, Франция, Швейцария, Дания, Оңтүстік Корея, Португалия, Сингапур, Финляндия	450 мыңға дейін

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	Бөлім атауы	Өзгеріс №	Өзгерту кестесі	Өзгерістер
1				
2				
3				
4				

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы